

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/JLTU2352>***А. Ф. Талипова**

Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9189-1685>*e-mail: asem_talipova@mail.ru**МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК
ЕҢБЕГІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ОРНЫ**

Синкреттік өнер туындысына айналған фольклор – қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетін, әдет-ғұрпы мен ұлттық болмысын көрсететін мол мұралардың бірі. Ежелден қазақ жұрты ауыз әдебиетінен сусындап, жас ұрпақтың тәрбиесі мен болашағына әсерін тигізіп отырған. Ертегілер мен аңыздардан бастап эпикалық поэмалар мен мақал-мәтелдерге дейін әртүрлі жанрларды біріктіре отырып, қазақ фольклоры білім мен тәжірибені берудің, сондай-ақ бірегейлікті қалыптастырудың маңызды құралына айналды. Өмірге келген нәресте жер қойнына табысталғанға дейінгі ғұмыры ұлттық салт-дәстүр негізінен бастау алса керек. Осынымен де қазақ жұртының өмірлік дастаны фольклор саласымен тығыз байланыста. Халқымыздың мол мұрасына айналып отырған ұлттық дәстүр сабақтастығы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келеді. Қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеп, игілікті істерді атқарып жүрген ғалымдар да баришылық. Олардың еңбектері қазақ ауыз әдебиетін сақтап қана қоймай, оны жаңа ұрпақ пен кең аудиторияға қолжетімді ете отырып, оны насихаттауға көмектеседі. Осы саланың көрнекті өкілдерінің бірі – фольклоршы, халық даналығын зерттеуші, қазақ ауыз әдебиетін зерттеп, сақтауда маңызды рөл атқарған Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің зерттеушілік еңбегіндегі фольклордың ұсақ жанрларының бірі мақал-мәтелдердің алатын орны қарастырылған. Мәшһүр Жүсіп Көпеев халық мақал-мәтелдерін зерттеп, жинай отырып, оларды қағазға түсіріп қана қоймай, олардың философиялық-идеялық аясын ашып, терең талдау жүргізді. Бұл мақал-мәтелдер ақынның зерттеу тәжірибесінің маңызды элементі болып, ауыз әдебиетінің халық даналығы мен мәдени дәстүрді зерттеудегі маңызды дереккөз ретінде көрсетіледі. Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинаған

мақал-мәтелдердің мағыналық мазмұнын анықтап, әртүрлі тақырыптарға қарай топтастыру мақсатында талданады. Бұл тәсіл халық даналығының қазақ халқының философиялық-этикалық ой-пікірлерімен қатар әлжуметтік және мәдени шындықтарды қалай бейнелейтінін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: Мәшһүр Жүсіп, фольклор, халық даналығы, мақал-мәтел, мәдени мұра.

Кіріспе

Қазақ халқының мол мұрасына айналған ауыз әдебиетінің бір түрі – мақал-мәтелдер – халық қазынасы. Қазақ халқының сан ғасырлық тәжірибесін, даналығын, дүниетанымын танытатын қазақ халқының мақал-мәтелдері оның ауызша дәстүрінің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл қысқа, бірақ сыйымды өрнектер көбінесе терең философиялық шындықтарды, дүниелік даналықты және адамның қоғамдағы мінез-құлқын анықтайтын моральдық нұсқауларды береді. Олар қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар қазақ мәдениеті мен тұрмысының ерекшеліктерін көрсететін дәстүрлі құндылықтар мен нормалардың өзіндік «қартасы» қызметін атқарады. Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ халқының мақал-мәтелдерінің негізгі белгілері мен мағынасы, олардың мәдени мұраны сақтаудағы және ұрпақтан-ұрпаққа білім берудегі рөлі қарастырылады. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығы сол кездегі фольклористердің арасынан ерекше көзге түседі. Көптеген ғалымдар атап өткендей, халық шығармашылығының жауһарларын жинауға, зерттеуге және сақтауға ұлы ақын және ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпеев зор үлес қосты. Ол жинап қана қоймай, сөзбе-сөз жаңа ізмен жазып алды, сондықтан оның күш-жігерінің арқасында қазақ халқының байлығының орасан зор қабаттары назардан тыс қалмады. Мақал-мәтелдерді сақтауға және насихаттауға елеулі үлес қосқан қазақ фольклорының көрнекті жинаушысы және сақтаушысы Мәшһүр Жүсіп Көпеевке арқасында осы қысқа, бірақ сыйымды өрнектер қазақ халқының менталитетін көрсетіп қана қоймай, қоғамдағы жеке тұлғалардың мінез-құлқын қалыптастыратын өзіндік моральдық бағдар ретінде қызмет етеді. Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинаған мақал-мәтелдер - халық даналығының нағыз асыл тастары. Олар қазіргі әлемде өзекті болып табылатын терең философиялық шындықтарды жеткізеді.

Материалдар мен әдістері

Қазақ әдебиеттану ғылымында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларының алар орны ерекше. Мақаланы жазу барысында көптеген отандық және шетел ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, теориялық материалдарды жинақтау, еңбектерді талдау, саралау, жүйелеу мен талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Еліміздің мәдениетіне тамсана қарамаған ұлт жоқ. Өзге ұлт өкілді ғалым-зерттеушілерінің қазақ даласындағы тыныс-тіршілікті, дәстүрді өзінше зерттеп, пікір қалдырған. Ғылыми тілде халық поэзиясын «фольклор» десе, оны зерттейтін ғылым саласын «фольклорист» дейді. «Фольклористика» ұғымына неміс ғалымы И.Ф. Кнафль пікір білдіріп, «халық даналығы» деген атау берген екен. Бұл пікірді әрі қарай жалғастырған Уильям Джон Томс халық аузынан шыққан мақал-мәтел, өлең-жырды, дастандарды, наным-сенімдерді жинақтайтын термин ретінде ұсынған. Томс «фольклор» терминін танымал етуде шешуші рөл атқарды. Өткенге көз жүгіртсек, оның нәрестелік неологизмі «фольклор» бүкіл әлемге танымал сөз болуы керек екенін білеміз, бірақ ол кезде бұл кеңінен қабылданбаған жаңа термин болды [1, 3-6.]. 1846 жылы ол бұл сөзді the Athenæum журналына жазған хатында қолданып, оны халықтық нанымдарды, мифтерді, ертегілерді, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді зерттеудің жалпы атауы ретінде ұсынды. Уильям Джон Томс болашақ ұрпақ үшін ауызша дәстүрдің байлығын сақтау үшін фольклорлық материалдарды жүйелі түрде жинауға және оларды талдауға шақырды. Ол халықтардың психологиясы мен дүниетанымын түсіну құралы ретінде фольклордың маңыздылығы туралы сұрақтарды алғашқылардың бірі болып көтерді.

Халық ауыз әдебиеті жөнінде орыс зерттеушілері В. Г. Белинский, Н. А. Добролюбов, Н. Г. Чернышевский т.б. өз пікірлерін білдірсе керек. Мәселен, Н. Г. Чернышевский қоғам дамыған сайын, ілгерілеген сайын халық поэзиясы жойылып отырады, себебі оның орнын жазба әдебиеті басатындығын айтады. Ал жаңа дәуір жаңаша леп беретіндігін айтса, В.Г. Белинский оған қарама-қарсы пікір білдіреді. Оның айтуынша, фольклорда танымал есімдер болмайды, оның авторы тек халық болатындығын жіткізеді. Б. Н. Путилов фольклорды халықтың тұрмыстық-әлеуметтік және өндірістік қатынастарымен байланыстырады. Сондай-ақ фольклорды әдебиетпен де сабақтастырады. Бірақ оған көркемдік, тілдік тұрғыда емес, синкреттік өнер ретінде баға береді. Ал Е. В. Аничков фольклорды діни наным-сеніммен байланыстырса, В.Ф. Миллер этнографияға жақындығын айтады. Г. Е. Потаниннің Орта Азия мен Қазақстан халқының тұрмыс-тіршілігін зерттей келе, қазақ фольклорына қатысты этнографиялық еңбек жазғандығы дәлел. Осылайша барлық пікірлерді ескере отырып, фольклорды біржақты сала ретінде қарастырмау керектігі анықталуда [2, 65-6.].

Халық ауыз әдебиеті туындыларының табиғаты жайлы М.К. Азадовский мен Ю. М. Соколов сияқты ғалымдар да ғылыми тұжырымдарын айтқан. Ал В. П. Аникин М. К. Азадовский мен Ю. М. Соколовтың пікірлеріне қарсы пікір білдіреді. Ол фольклордың негізгі буыны ретінде қарастыра отырып, оған әдебиеттену мен ғылымтану методологиясын қолдану қажеттігін

басты назарға алады. Осы ретте ғалымның осындай тұжырымдамасы оның фольклор мен әдебиеттің бірлігі туралы пікірінен көп бұрын айтылғандығын да ескеру қажет. В. П. Аникиннің бұл пікірін қазақ зерттеушілердің ішінен Б.Абылкасымов та дамытып, Ю.М. Соколовтың «фольклор – әдебиеттің бір бөлігі болса, фольклористика – әдебиеттің бір бөлімі» деген пікірін келтіреді.

Фольклор жанры жайлы В. Я. Пропптың көзқарасы шындыққа жанасқандай. Белгілі бір халықтың фольклорына тән жанрлық ерекшелікті екінші бір елдің фольклорлық жанрына апарып, қолдана салудың нәтиже бермейтіндігін айта отырып, оны үш түрлі межеге бөліп қарастырады. Олар: 1) фольклор туындыларының поэтикасын зерттеу; 2) фольклордағы халық тұрмысымен байланысты жанрларды анықтау; 3) олардың орындалу формасына жете көңіл бөлу [3, 17-б.].

Жоғарыда келтірілген пікірлерге қоса, фольклорға қатысты бірнеше сипаттама беруге болады: фольклордың тарихилығы, ұлттық сипаты мен көп нұсқалы болуы, ауызекі дамуы және т.б. Халық ауыз әдебиеті ауыздан-ауызға таралғандықтан, көп нұсқалылыққа әкеледі. Әрбір халық өзінің бастан өткерген тарихи кезеңдері мен оқиғаларын жырлап, тыңдарманын баурап әкететін шыншыл әрі көркем туынды неғұрлым қызығырақ жеткізіп отырғаны сөзсіз. Сол өлең-жырлардан халықтың тұрмысы, ой-санасы, тіл байлығы аңғарылады. Қазақ фольклорының тарихилығы мен көп нұсқалылығы осыдан көрініс табады. Әсерлі де көркем етуде оқиға кейіпкерлерінің (атап айтсақ, батырлар, би-шешендер, тарихи кейіпкерлер мен тұлғалар т.б.) рөлі ерекше.

Халық туындыларынан елдің бастан кешкен оқиғаларын баяндай отырып, суреттеуде эпостық, лиро-эпостық жырлардың, шешендік сөздердің, мақал-мәтелдердің жасалуы мен зерттелуінде, тақырыптарында өзіндік ерекшеліктер бар. Елін қорғау сарынында жырланған эпостық жырлар патриотизм мен ерлікті дәріптейді.

Академик Ә. Марғұланнның «Халық жырларын туғызудағы мотивтер» [4, 8-б.] атты мақаласында эпостық жырларда кездесетін ұғым-түсініктерге тоқталып өткен. Адамдардың өзіне қарсы жаулармен күресу мақсатында пайда болған Бөрікүс, Жезтырнақ, жалмауыз т.б. қайсысы болсын – халыққа қарсы, жағымсыз кейіпкерлер. Ал Шоқан Уәлиханов болса, халық поэзиясына жеке тоқталған. Өзінің «Абылай» деген еңбегінде халықтың батырлық жырын, эпостық жырын кеңірек сөз еткен. Ш. Уәлихановтың «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» мақаласында қазақтардың әдет-ғұрпы, ауыз әдебиеті, наным-сенімі сөз етіледі. Әруаққа сыйыну, отқа табыну, аластау сияқты мифтік ұғымдарды материализм мен діни сипатта енгізіп отырған. Шоқанның түсінігінше, халықтың фольклорын жеткізіп қана қоймай, ұлттық санасын, зары мен мұңын, болашаққа деген арман-үміттерін

де ерекше атап өткен. Сондықтан болар Шоқан «қазақ фольклористикасының атасы» деп аталып кетсе керек [5, 8-б.].

Халық ауыз әдебиеті туындылары ерте кезден пайда болғандығы жоғарыдағы пікірлерден анық көреміз. Оған дәлел қазақ фольклорының алғашқы үлгілері сонау бақташылық, мүмкін одан да бұрынғы кезден қалыптаса бастап, елдің экономикасына, отбасылық, рулық кемелденген шағына дейін жеткен. Сол дәуірдің тыныс-тіршілігін, әдет-ғұрпы мен салт-санасын сөз өнері, бір сөзбен айтқанда, фольклорлық дәстүр негізінде болашақ ұрпаққа жетіп, бүгінгі күнге дейін мұра етіп келіп жеткен туындылардың басым көпшілігін Мәшһүр Жүсіп Көпеев арқылы жеткен екен. Мәшһүр Жүсіп Көпеев ауыз әдебиеті үлгілеріндегі тұрмыс-салт жырларын, эпостық пен лиро-эпостық жырларын, шежіре-дастандарын ел аузынан жазып алып, хатқа түсіріп отырған. Тарихи тұлғалар мен олардың тұсында өмір сүрген адамдардан деректер келтіріп, қосымша түсінік беріп отырған. Осындай еңбектері үшін Мәшһүр Жүсіп Көпеев фольклорлық дәстүрді қалыптастырушылардың бірі деп есептейміз. Жастайынан зерек болып ержеткен бала Мәшһүр Жүсіп жыр-дастандарды жатқа айтып, кейін жазба әдебиеті үлгісі ретінде қағазға түсіріп отырған. Сол замандағы би-шешендердің сөздерін, есімдерін бізге жеткізуші көпір іспеттес. «Абылай ханның сауалы» туындысында билерге қойған сауалдың жауабын естіп, риза болғандығы айтылады. Шығарманың астына сол дәуірдің елге танымал тұлғаларынан да хабардар етеді. Мәшһүр Жүсіптің жас шағында Тобықты: Құнанбаймен сапарлас болып қажыға бірге барған Сілеті бойындағы – Қыпшақ: Құрман баласы Хасен қажы айтып еді: «Естіген сөзім жерде қалмасын!» - деп ерінбей қағазға жаза беру маған біткен ауыр әдет болды», - дейді. Қаз дауысты Қазыбек би жайлы да көптеген деректер келтірген. Оның билік жүргізген шағы, айтылған ақлият сөздерін тізбектей берген. Едіге бидің алғашқы билігін, оның Тоғаспен құда болуы, оның түсі мен соңғы билігі жайлы да хабардар етеді. Мөңке бидің әңгімесін келтірсе, ал Бөлтірік би арқылы оның нақыл сөздері жеткен. Бөлтірік бидің «Аққу құсқа оқ тисе, қанатын суға тигізбес, Ақсүйекке оқ тисе, қарашыға сырын білдіртпес», «Сөздің көркі – мақал, ердің көркі – сақал», «Ат жаманы соқпақшыл, адам жаманы тақпақшыл» деген сөздері қазіргі таңда мақалға айналып отыр. Жәуке шешен, Тәйтеке би, Досбол мен Ақтайлақ сынды тарихи тұлғалардың өмірінен дерек келтіреді. Бұл тұлғалардың билік жүргізуі, ақылы мен даналығы, даудың шешімін әділ шешу жолдарындағы қанатты, дәйек сөздерінен хабардар етеді.

Сәбит Мұқановтың «Халық мұрасы» еңбегінде [6, 211-б.] Мәшһүр Жүсіптің көнеден жинақтаған мол мұрасына тоқталады. Ол XVIII ғасыр ақындарының ішінде ерекше көп сақталған Бұқар жырауды айтады. Бұқар жыраудың халық бостандығы мен тәуелсіздігін аңсағаннан жырлары

туындаған. Оның жырларын сақтап, мейлінше түгелдей жеткізуге тырысқан Мәшһүр Жүсіп Көпеев еңбегі елеулі. Дегенмен де, Мәшһүр Жүсіп: «Бұқарекен сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана», – дейді.

Жазуы өшпейтін сиямен артына мол мұра қалдырған ақын халық ауыз әдебиеті үлгілерінен бата, жар-жар, мақал-мәтел, сынсу, беташар, жарапазан, бата, жоқтау, өтірік өлең, шешендік сөздер мен лиро-эпостық жырларды т.б. хатқа түсіріп, аманаттап отырған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев ғалым, фольклортанушы ретінде ғылыми жұмысының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын мақал-мәтелдерді жинақтаумен қатар, жүйелеу, зерттеуге де терең қызығушылық танытты. Ол бұл халықтық өрнектерді жай жазып алумен шектелмей, олардың түп-тамырын, контексін, мәні мен қоғам өміріндегі рөлін түсінуге ұмтылды. Белгілі бір мақал-мәтелдердің неліктен жасалғанын, олардың тарихи жағдайда нені білдіретінін, олардың түсіндірмесі мен қолданысы уақыт өте өзгергенін қарастырды.

Оның шығармашылығының осы тұстары Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жинақтау және зерттеушілік қызметі қаншалықты тығыз байланысты екенін көрсетеді. Ол фольклорды жинауда халық өнерінің үзінділерін жай қағазға түсіріп қоймай, терең де жүйелі көзқарасты қажет ететін халық даналығының мәніне бойлауға ұмтылды. Мақал-мәтелдерді жинау жұмысы әсіресе қиын, өйткені бұл сөз тіркестері көбінесе ауызша дәстүрде кездеседі, өзгермелі формада болады және аймаққа, заманға, әлеуметтік топқа байланысты өзгеруі мүмкін.

Сонымен қатар, мақал-мәтелдерді жинақтау жұмысы мұқият жазуды қажет етеді, бұл өз кезегінде айтарлықтай күш салуды қажет етеді. Ертегі немесе эпос сияқты фольклордың басқа жанрларынан айырмашылығы, мақал-мәтелдер дайын күйінде болмайды және тұрақты нысаны болмауы мүмкін, бұл оларды ерекше ұқыптылықпен жазып алуды қажет етеді.

Расында, Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинаған қолжазбаларында мақал-мәтелдердің оның әрқайсысының шығу тегі мен қайнар көздері туралы түсініктемелермен қоса берілген. Жоғарыда мақал-мәтелдердің дайын күйінде жазылмағандығын айтқан болатынбыз. («... Қатаған ханы хан Тұрсын, қай неткенді ант ұрсын» Қатаған ханы Тұрсынның Еңсегей бойлы Ер Есімге жасаған опасыздығынан кейін іс-түссіз жоғалып кеткендігі негізінде туған мақал деседі [7].

Жалпы қазақ мақал-мәтелдер қалай пайда болған? Мәшһүр Жүсіп Көпеев мақал-мәтелдердің пайда болуын белгілі бір оқиғамен, тарихпен байланыстырап отырған. Мәселен, «шығасы шықпай, кірісі кірмейді» деген сөз он үш жасар Сүлеймен ғалайссаламның аузынан шықса керек [8, 89-б.].

Фольклордың ұсақ жанрларының бірі – мақал-мәтелдерді ақын ең алғаш «Құран Кәрім» кітабынан алса керек. Қандай мақал-мәтел болмасын, Құран кітабының қай хадисінен, қай кездегі оқиғаға байланысты алынғандығын ескертіп отырған. Оған дәлел әрбір мақалдан кейін түсінік беріп, жазып кетіп отырған. «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» мақалы Хадис-шарифта» Шіп Алутин мен Алайманның мағынасынан алынғандығын айтады [8, 139-6.].

Ақын жинаған мақал-мәтелдердің ішінде қазақ халқының өмірі мен дүниетанымын бейнелейтін тақырыптардың кең спектрін қозғайтын мақал-мәтелдер жиі кездеседі. Бұл мифтік нанымдар, әлеуметтік нормалар, адамдар арасындағы қатынастар, байлық пен мүлік мәселелері, қоғамдағы моральдық негіздер мен мінез-құлық сияқты маңызды салаларды қамтиды. Мәселен, қазақ халқының мақал-мәтелдерінде еңбекке деген көзқарастар, үлкендерге деген құрмет, қонақжайлылықтың маңыздылығы, дәстүрлерге адалдық, сондай-ақ табиғат пен рухтарға байланысты нанымдар жиі көрініс табады. Мифологиялық аспект әсіресе символдық мағынаға ие және моральдық сабақтардың тасымалдаушысы ретінде қызмет ететін жануарлардың, рухтардың, табиғи құбылыстардың бейнелерінде айқын көрінеді.

Түрік ғалымы О. Аксой мақал-мәтелдер тек тілмен ғана емес, әлеуметтану, психология, педагогика, экономика, философия, тарих, мораль, фольклор және тағы басқа көптеген білім салаларымен тығыз байланысты және тілдік құрылымдарды ажыратуға лайық, ұлт сөзінің күдіретін, сөз байлығы мен сөз сұлулығын, көрсететін тілдік құрылымдар деп көрсетеді [9, 12-6.].

«Кедей елдің көшбасшысы көп болады», «Қарадан хан қойса, қасиетті болмайды, Үлгісізден би қойса, өсиет болмайды», «Балаң жаман болса, дәрменің кетер, Қатының жаман болса, арманың кетер, Қайғы-қасіретпенен заманың кетер», «Жоқтық ұят емес, байлық мұрат емес», «Қазақтың жаны – азапта, наданның жаны – тозақты», «Көсеуің ұзын болса, қолың күймейді, ағайының көп болса, адам тимейді», «Бар – барын бермейді, Жоқ – қарап тұрмайды» т.б. сияқты мақал-мәтелдер әр алуан тақырыпты қамтыған. Ендеше, қаламгер жинаған мақал-мәтелдер тақырыптарына тоқталсақ.

Қазақ халқының мол мұрасына айналған мақал-мәтелдер мазмұны мен тілінің тереңде жатқанын фольклорлық дәстүр арқылы байқаймыз. Халықтың дүниетанымдық көзқарасын әрқилы мазмұнда, әр түрлі тақырыпта жеткізе білген. Сондықтан Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазбаларындағы мақал-мәтелдерінің тақырыптары көп.

Мақал-мәтелдерді мағынасы бойынша топтастыру процесі халық шығармашылығында қандай негізгі идеялар мен құндылықтар бар екенін қарастыруға, сонымен қатар бұл мақал-мәтелдердің адамдардың

дүниетанымы мен күнделікті мінез-құлқының қалыптасуына қалай әсер еткенін түсінуге мүмкіндік береді.

Ол тақырыптарды мынадай мазмұнда топтастыруға болады:

Өнер-білімге байланысты мақал-мәтелдер. Мысалы, «Ақыл – білім азығы, білім – ырыс қазығы», «Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады», «Ақыл – малда, көрік – көмейде», «Ақылдың тізгіні – құлағында болады, ақылдың тізгіні – кеудесінде болады», «Білген – білгенін істер, білмеген – бармағын тістер», «Білім – ер азығы, ер – ел азығы» т.б.

Еңбекке байланысты жинастырылған мақал-мәтелдер: «Еңбек қылсаң, емерсің», «Еңбектіге қара жер ойылады», «Ер – егіз, еңбек – жалғыз», т.б.

Жақсы мен жаманды айыратын ұғым-түсініктерді мақал-мәтелдер арқылы жеткізе білген: «Жақсы әйел – жаман еркектің басын хан қылады. Жаман әйел – жақсы еркектің басын дақ қылады», «Жақсы – бастар, жаман – қостар», «Жаман адам – тақпақшыл, жақсы сиыр – соқпақшыл», «Жаман да болса, ағамыз, жақсыны қайдан табамыз?! Ауру емес, жын емес, мінезді қалай бағамыз?!», «Жаман мерген теке атқан жеріне өш», «Жаман – өз сыбағасына құлдық ұрады», «Жаман сыйлағанды, сиыр сипағанды білмейді», «Жаман үйден – қосым жақсы, Сынық оқаштан – мосым жақсы. Жаман қатын алғаннан, Бойдақ жүрген осым жақсы», «Жаманға жақсылық қылсаң, Атыңды ерттеп қойып, қыл», «Жамандыққа – жақсылық қыл», «Жаманның айтқаны келмейді, сандырақтағаны келеді», «Жаманның әлі шапалаққа келеді», «Жаманның үйі қопсыса, жүні түседі, Жаманның үйі қопсыса, күйі түседі», «Жақсы көргенін айтады, жаман бергенін айтады», «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді», «Жақсы кісі аттан құласа, Жаман кісі табашы болады», «Жақсы жүрісінен пұл болады, жаман жүрісінен құл болады», «Жақсы мен жаманның жаны бірдей, Арық пен семіздің бауыры бірдей», т.б.

Достық пен дұшпандыққа байланысты жинастырылған мақал-мәтелдер: «Дос – басқа, дұшпан – аяққа қарайды», «Дос болып, ауру болғанша, Сауда қылып, сау бол!», «Досың да, дұшпаның да ер болсын», «Досын бергеннің тұсына (түсіне) қарама», «Ер дұшпансыз болмайды, Есек тұсаусыз болмайды», «Дұшпаннан түк тартса да – пайда», «Жау жағадан алғанда, Бөрі етектен алады», «Жау жоқ деме – жар астында, Бөрі жоқ деме – бөрік астында», «Жау малы жасық татымас», «Жауды аяған – жаралы қылады». Бұл мақал-мәтелдерден ер азаматтың басынан талай жағдайлар кездесетінін, оның досы да, дұшпаны да болатынын айта отырып, екеуінің ара-жігін ашып береді. Қазақ халқы жаугершілік заманды бастан кешіргендіктен, дұшпандық пен сатқындықтың орын алатынын білеміз.

Қазақ халқының өмірі мал шаруашылығымен тығыз байланысты екенін білеміз. Төрт түлік мал – қазақтардың өмірлік азығы. Сөз өнерінде төрт түлік малды тиек еткен ақын жинастырған қаншама мақал-мәтелдері баршылық.

Төрт түлік малға қатысты туындағын мақал-мәтелдер: «Қой алдырып, қорасын бекітеді», «Қой анасы – бестен», «Қой асығы деменіз, Қолайыңа жақсы сақа қой!..», «Қой бітерде қотаншы ит кез болады», «Қой көбелесе, өседі, Жылқы кенжелесе, өседі», «Қойдан қоңыр қойшының қоңыр өгізі», «Қойды – шартық, Елді – қортық бүлдіреді», «Мал бітсе, көзге тал бітеді», «Мал – арыстанның аузында, Түрікпеннің төрінде», «Мал – басқа бітер, Қына – тасқа бітер», «Малды тапқанға баққыз, Отынды тергенге жаққыз», «Малдының беті – жарық, Малсыздың беті – көн шарық», «Малым – жаным садақасы, Жаным – арым садақасы», «Өгіс өлмес, арба сынбас», «Өгіздей – күшті, арыстандай – ер», «Өгіз өлдім демес, арба сындым демес» [10, 79-б.].

Құдай Тағаланың жаратылысында бүтін болмайтын себептер көп. Егер бүтін болса, онда жер бетіне сыймай кететін құбылыстар қаншама болатыны аян. Осы қос-сыңарлы құбылыстар арқылы талай шаруаның бітеніні, көздеген нәтижеге қол жететіндігі аңғарылады. Сондықтан Алла Тағала өз жаратылысын қос, жұп қылып жаратса керек. Осылайша «Екі жарты – бір бүтін» табиғат заңдылығына айналды. Бұны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қосымша түсіндіруіндегі *екі, қос, жарты болып жаратылуы* берілген мысал арқылы дәлелдейді: «Екі аяқ қымыздың – Бір аяқ желігі болады», «Екі даугер ауыл болмас, Қас төреде бауыр болмас», «Екі жақсы ерікпес, Екі жаман бірікпес», «Екі жақсыдан бір жаман туса, Жыннан пайда болады, Екі жаманнан бір жақсы туса, Нұрдан пайда болады», «Екі кемеңнің құйрығын ұстаған – суға кетеді», «Екі қарадан күлкі туады, Екі сарыдан үкі туады, Бір ақ, бір қарадан түлкі туады», «Екі қырағыдан суқараңғы туады», «Екі нардың арасында шыбын өледі», «Екі өлмек жоқ», «Екі сұңқар таласса, Құзғын, қарғаға жем болады», «Екі торының өзгелігі жоқ», «Екі шоқып, бір қара».

Ер мен жер тақырыптары қамтылған мақал-мәтелдер: «Ел алмаған – елу жыл жатады», «Ел даусыз болмайды, тау құрсыз болмайды», «Ел жиіде – кедей тоқ», «Ел қонбай, ит тынбайды», «Ел – тозығы жетер – сөзден азар, Ер – тозығы жетер – көзден азар», «Елі жылда – ел жаңа, Жүз жылда – қазан жаңа», «Ер – егіз, еңбекте – жалғыз», «Ер дұшпансыз болмайды, есек тұсаусыз болмайды», «Ер екенінді бәлейін, Ер өлтірші, көрейін», «Ер есектей тасиды, Қатын қаздай асайды», т.б.

Ал адамның мінез-құлқымен байланысты мақал-мәтелдер төрт түлік малға қатысты туындаса керек. Ежелден мал бағып күнкөрген қазақ халқы адамның кейпін сол сарынмен ұштастыра білген. Адам баласының мінезіне, жүріс-тұрысына байланысты образдарды көз алдымызға әкеледі. Мәселен, «Адам аласы – ішінде, Мал атасы – сыртында», «Сырын білмеген аттың Сыртынан жүрме», «Сенген қойым сен болсаң, Күйсегенінді ұрайын», «Жаман атқа жал бітсе, жалына торсық байлатпас. Жаман адамға мал бітсе, Жанына қонсы қондырмас».

Аз сөзбен көп мағына беріп, астарлы ой тудыратын мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Фольклорлық дәстүр халқымыздың эстетикалық, қоғамдық, тұрмыстық дүниетанымымен тығыз байланысты. «Жаудағының да тезегі тиеді», «Көп жүрген жыланның аяғы көрінеді», «Көп суыр үн қазбайды, Ін қазса да, кең қазбайды», «Көп – Құдайдан бір-ақ жас кіші», «Күндестің күні – күндес», «Көшерін – жел, қонарын – сай біледі», «Көрінбеген қарадан – көрінген бұлт жуық», «Көрші ақысы – Тәңірі ақысы», «Күшала жегендей аузына бұрыш салғандай», «Күні бұрын күтіп, Күтінбесең, шығар түтін», «Күні бұрын құты қашып», «Күніне желше жүз құбылады», «Күріш арқасымен күрмек су ішеді», «Қалауын тапса, қар жанар», «Қалған көңіл – шыққан жан», «Көп ауызы – уәлі», «Өз қорлықтан – жат қорлық», «Шөлмек мың күн сынбайды, бір күн сынады», «Шөптей қағып, Баудай қусырып», «Шын дүние – шынжыр арқан», «Шаңырақ жалап, ит тоймайды», «Шалатын кісінің аяғы маймақ», «Шешінген – судан тайынбайды», «Шөккен түйі – соққанды білмес», «жарлыға жарты қарсақ пайда, Бүтін қарсақ қайда?», «Жарым құрсақтан – жатар орын», «Жасқаншақтың көзі – сау», «Түсі игіден түңілме», «Тырна – көкте, Тұзақ – жерде», «Тышқанның да сауыры бар», «Ұйытқып соққан борандай», «Тұз – май қатығы, өлең, жыр – сөз қатығы», «Ханнан – қазық, Биден – тоқпақ қойып», «Шам жарығы түбіне түспес», «Ішпесе де, көңілі тоқ», т.б. [8, 88-б.].

Кейбір мақал-мәтелдер қайталама ұйқас түрінде кездеседі. Мысалы: «Көп отырған – жер азар, Қатыны жаман – ер азар, Қарашасы жаман – хан азар, Имансыз болса, көр азар», «Көп суыр ін қазбайды. Ін қазса да, кең қазбайды», «Көп қарттың ішінде – бір бала дана болар, Көп баланың ішінде – бір қарт бала болар», «Көңіл кірі – айтса, кетеді, Көйлек кірі – жуса, кетеді, Сүйек кірі – қайтсе кетеді?!», «Өзімдікі дегенде, өгіз қара күшім бар. Кісінікі дегенде, қол тимейтін ісім бар», «Өзіңнен тумай, ұл болмас, Сатып алмай, құл болмас», «Шыбыштан туып, Серке болмайды, Тоқалдан туып, Ерке болмайды», «Жарлы болма, Жарлы болсаң, арлы болма», «Жас – жастың тілеуі бір», «Өлсең, өлесің, өлмесе, кісі боласың», «Сасқанға – жол тар, Тасқанға – жол жоқ», «Торғай жаңбыр жауса, Балапанын қорғайды, Бұршақ жауса, Басын қорғайды», т.б. сияқты мақал-мәтелдер құрамындағы сөздердің қайталанып келуін байқаймыз.

Мақал-мәтелдердің тілдік ерекшеліктеріне келетін болсақ, ассонанс пен аллитерацияның көптеп келетіндігін аңғаруға болады. Мәселен: «Таңғы тамақ – Тәңірден», «Таз таранғанша, той тарқайды», «Тайын – Тәңірісіндей, құнанын – Құдайындай көреді», «Тамақ – тоқ, көйлек – көк», «Жатқанға жан жуымайды», «Күндестің күлі – күндес», «Қатын қайраттанып, қазан қайнатпайды», «Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу», «Күлсең, кәріге күл» сияқты мақал-мәтелдерде аллитерация түрі кездессе, «Алма алмадан реңк

алады», «Ағайын арасынан ақсайды, Ат турасынан ақсайды», «Ұйықтаған ұйқы алады», «Ұйықтамаған жылқы алады», «Ойын[да] [озған] шында озар!», т.б. мақал-мәтелдер ассонансқа негізделген. Сондай-ақ олар бір-бірімен ұйқастық үйлесім тапқан.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жинаған мақал-мәтелдердің ішінде көлемді де, мағынасы терең түрлері кездеседі. «Сөздің көркі – мақал-ды. Ердің көркі – сақал-ды. Сақалы жоқ көселер қасабалы тоқал-ды!» «Сөйлей білмеген – сөзді өзіне келтіреді, Көше білмеген – көлік өлтіреді», «Судан өткенше: «Қызымды беремін! – дейді. Судан өткен соң: «Өзіңнің айтып жүргенің не?! – дейді», «Сусыз жердің шөбі – арам. Перзентсіз ердің малы (күші) – арам. Еңбексіз ердің – дәмі арам. Сатайын десем, пұлы – арам». «Сүтсіз сиыр – сөңіреуік, Долы қатын – жылауық, Ақсыз балалаған қой – жамырауық», «Көпке тентек жігіттің Бір ажалы – көптен. Көп кетеген түйенің Бір ажалы – шөптен», «Өспейтін елдің жігіті топ ішінде – құрдасын «Қатыным!» деп ойнайды. Өсетін елдің жігіті топ ішінде құрдасын «Батырым!» деп ойнайды», «Үш ай тоқсан болмаса, Үлкен теңіз тоңбайды. Қатын шайпау болмаса, Ер жалғыз үй қонбайды», «Шыбыштан туып Серке болмайды, Тоқалдан туып, Ерке болмайды», «Туысы бір болса да, Ерден – ердің ісі артық?! Пішіні (формасы) жоқ күмістен – Сұлудан соққан мыс артық. Сырты құрым, қараша үй – Ықыласты болса адамы, Тәтті болса тағамы, Боз ордадан үш артық!», «Ұл он беске жеткенше – қолға ұстаған қобызың. Ұл он бестен асқан соң, тіл алмаса, доңызың», «Тауда болар тарғыл тас, тарықса, шығар көзден жас. Қайрылмай кетпес қарындас, Өзінің басын зор еткен, Ағайынын қор еткен – жапанда қалар жалғыз бас», «Таудың тамы айналмайды, Тасы айналады. Иттің, боқ жемесе, Басы айналады», «Темекінің жаманынан – ағашы жақсы, Ағайынның жаманынан – алашы жақсы», «Торғай жаңбыр жауса, балапанын қорғайды. Бұршақ жауса, басын қорғайды», «Төбел тазға төрт теңге, Жалтыр тазға он теңге, Ойма тазға он теңге, Қырма тазға қырық теңге! Сал көтінді керсеңге, Сыйса да бер бес теңге, Сыймаса да бер бес теңге!», «Жаман үйден – қосым жақсы, Сынық ошақтан – мосым жақсы, Жаман қатын алғаннан да Бойдақ жүрген – осым жақсы», «Жаманмен құда болсаң, Дауымен іс қылады. Итпенен үйір болсаң, боғымен той қылады», «Жапалақпен тасты ұрса да жапалақ өледі. Таспен жапалақты ұрса да, жапалақ өледі», «Жау келді!» – деп ақылыңды тауыспа. «Көшемін!» – деп отыныңды тауыспа», «Көп отырған – жер азар, Қатыны жаман – ер азар, Қарашасы жаман – хан азар, Имансыз болса, көр азар», «Көктемде – айғыр мас, Ақпанда – бура мас, Көбік қарда – қошқар мен теке мас, Жиырма бесте – жігіт мас» сияқты мақал-мәтелдер сол дәуірдің ағымынан туындаған түрлері. Сондай-ақ «Отының суы болса, Қыстық құр қамысынан не пайда?! Етегің тар болса, Дүниенің кеңдігінен не пайда?! Қатының долы болса, Елдің

бейбітшілігінен не пайда?!», «Өз балаң – Өзекке тепкілесен, кетпейді, Кісі баласы – Кісінесен, тұрмайды», «Өлгенді: «Өлді!» – дегенге нан, «Әдет қалды!» – дегенге нанба. «Тау қозғалды!» десе, нан, «Жаман жақсы болды» – дегенге нанба», «Өзіме салсам, Тайлы бие тиеді, кісі алдында аяғым анда-санда бір тиеді», «Өзен тұрып, өзге жерге қонған – нәмәрт, өзі болған жігіттің түбі – тегін сұраған- нәмәрт», «Өзінің басын зор еткен, Ағайынын қор еткен – Жапанда қалар жалғыз бас», «Қатын алсаң орыстан, Басың кетпес борыштан. Қатын алсаң қарадан, арты кетпес жаладан. Қатын алсаң төреден, аузы кетпес парадан», «Қатын алсаң, семіз ал, Былқылдасып қойныңда. Бір шайнасаң, май шайна, Шылқылдасын аузыңда», «Кетеген болса, түйең жау, Тебеген болса, биен жау, Тіл алмаса, қатын жау», «Дүниеде бір көз бар, бір көзі жоқтан сақтан. Бір қолы бар, бір қолы жоқтан сақтан. Бір аяғы бар, бір аяғы жоқтан сақтан», «Екі жақсыдан бір жаман туса, жыннан пайда болады. Екі жаманнан бір жақсы туса, нұрдан пайда болады», «Екі қарадан күлкі туады, Екі сарыдан үкі туады, Бір ақ, бір қарадан түлкі туады», «Еңкейгенге еңкей: Әкеңнен қалған құл емес, Шалқайғанға шалқай: Пайғамбардың ұлы емес» сияқты мақал-мәтелдер тарихи дәуір негізінде белгілі бір оқиғаға байланысты туындаған болатын. Бұл көлемді мақал-мәтелдер риторикалық сұрау түрінде де кездеседі (мәселен, «Отының суы болса, Қыстық құр қамысынан не пайда?! Етегің тар болса, Дүниенің кеңдігінен не пайда?! Қатының долы болса, Елдің бейбітшілігінен не пайда?!», «Жаман адам – тақпақшыл, жақсы сиыр – соқпақшыл», «Жаман да болса, ағамыз, жақсыны қайдан табамыз?! Ауру емес, жын емес, мінезді қалай бағамыз?!»). Өмірде кездесетін түрлі құбылыстар мен жағдайларды адам өмірімен, тағдырымен байланыстыра суреттеп, үлгі-өнеге алуға бағыттайды.

Мақал-мәтелдердің қай-қайсысы болмасын, сөз өнерінің байлығын, шеберлігі мен құндылығын, өміршендігін байқатады. Жазу-сызу болмаған кездегі халықтың тұрмыс-тіршілігі мен наным-сенімі, ұғымы мен біліктілігі, көрегендігі қазақ халқының сөз саптау шеберлігінен аңғарылады. Ал мақал-мәтелдердің өміршендігі – шексіз дүние. Заман өз ағымымен жылжығанымен, халықтың түсінік деңгейі мен мінез-құлықтары, әлеуметтік мәселелері әр заманда, әр қоғамда да өзектілігінен арылмаған. Бай мен кедей, жақсы мен жаман жайлы мәселелер әр заманда да көрініс таба білді. Қазіргі заманауи өмірде сол кездердегі мақал-мәтелдердің бүгінгі күнде де өзекті болып отырған жайы бар. Бала тәрбиесі мен ақшақұмарлық ең елеулі тақырыптардың бірі болып қала бермек. Оған төмендегі мақал-мәтелдерді топтастырсак: «Өленді жерде өгіз семіреді, Өлікті жерде молда семіреді», «Сабыр түбі – сары алтын», «Өлі – тірінің азығы, Жақсы – жаманның азығы», «Өтірік – шынға тоқтар», «Пайданы басыңа қыл, Басыңнан асса, досыңа қыл», «Талаптыға нұр жауар», «Тау белгісі – тас болар, Бай белгісі

– ас болар», «Саудада достық жоқ, Сәлемде борыштық жоқ», «Саудың асын ішіп, аурудың сөзін сөйлейді», «Таудай талап бергенше, бармақтай бак берсін», «Таспен атқанды – аспен ат», «Таныған жерге бой сыйла, Танымаған жерге тон сыйла», «Ұрсайын десем – өз балам, Тәңірі қылды, не шарам?!», «Тірліктің күші – бірлікте», «Ұл жеп, жайына кетті, Қыз жеп, байына кетті», «Ішің күйсе, тұз жала». Осы мазмұндас мақал-мәтелдер қазіргі әлеуметтік тұрмыстан туындаған мәселелерді қамтиды.

Ұрпақ сабақтастығы, бала тәрбиесі, әділдік пен залымдық, жаманнан жиреніп, жақсыға ұмтылу талпыныстарын көрсетуде мақал-мәтелдерді тіл құралы ретінде қолданған. Адамның адам болып қалыптасуына мақал-мәтелдерді ақыл, дана сөз түрінде айтып отырған. «Айдан – анық, сүттен – ақ, күннен – жарық, судан – тұнық», «Ақыл – білім азығы, білім – ырыс қазығы», «Иесін сыйлағанның – итіне сүйек сал», «Әділ биде ата жоқ, тура биде туған жоқ, туғанына бұрған биде иман жоқ», «Жаман адамға мал бітсе, Жанына қоңсы қондырмас» сияқты т.б. терең мағыналы мақал-мәтелдер қазақ халқының бай мұрасы.

Қорытынды

Мәшһүр Жүсіп Көпеев арқылы жеткен жоғарыдағы мақал-мәтелдер мазмұнынан қазақ халқының фольклорлық дәстүрін байқаймыз. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жинаған мақал-мәтелдері ақынның қыруар еңбегінің арқасы. Аз сөзбен көп ұғымды сыйғыза білген дана халықтың өшпес мұрасын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының болашақ ұрпағына жеткізген үлкен сыйы болып отыр. Бізге жеткен тек теңіздің тамшысындай ғана. Осылайша, халқының таным-түсінігін фольклорлық дәстүр арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еңбегінің жемісі айрықша екенін атап өтуіміз керек.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің бұл саладағы ұзақ және табанды еңбегі қазақ фольклорының бай мұрасын сақтап қана қоймай, сонымен бірге осы мақал-мәтелдерде қаланған мәдени-философиялық негіздерді терең түсінуге мүмкіндік берді, олар әлі де болса зерттеу үшін маңызы зор.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев жұмысының маңыздылығы тек фольклорлық материалдарды құжаттандыруда ғана емес, сонымен бірге оларды этнографиялық және әлеуметтік-мәдени процестер тұрғысынан түсінуде де жатыр. Ол бізге қазақ мәдениетін зерделеу үшін маңызды құрал ретінде қызмет етуді жалғастырып келе жатқан бай мұра қалдырды. Бұл тұрғыда Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығы тек фольклорлық мұрағат қана емес, сонымен қатар қазақ халқының жаны мен дүниетанымын терең түсінудің кілті болып табылады.

Мұндай тұжырым оның жұмысының маңыздылығын және болашақ ұрпаққа қалдырған мұрасын көрсетуге көмектеседі.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Jonathan Roper.** «Thoms and the Unachieved “Folk-Lore of England» [Text] // Folklore, Volume 118:2, 2007. – P. 203–216
- 2 **Оразаева Ф.** Диваев – фольклорист. [Мәтін]. – Алматы : «Білім» баспасы, 2007. – 64-б.
- 3 **Пропп, В. Я.** Фольклор и действительность избранные статьи. [Текст] // Главная редакция восточной читературы издательства «Наука», 1976. – 17–18 с.
- 4 **Марғұлан Әлкей.** «Халық мұғалімі»– 1939. – № 23–24.
- 5 **Қоңыратбаев Ә.** Қазақ әдебиетінің тарихы. [Мәтін]. Оқу құралы. – Алматы, «Санат» 1994. – 8-б.
- 6 **Мұқанов, С.** Халық мұрасы : тарихтық-этнографиялық шолу. – Алматы : Жазушы, 2002 – 304-б.
- 7 **Сағындықұлы Б, Жүсіпов, Н. Қ, Кузембаева Ч.** Лингво-фольклорлық қатысым негіздері. Электрондық оқу құралы. [Мәтін]. – Павлодар, 2020.
- 8 **Көпейұлы, М. Ж.** Көп томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы, «Алаш», 2006. – 89-б.
- 9 **Аксой, О. А.** Атасөзлері Сөзлюгою. – Стамбул : Инкилап Китабеви, 1988. – 12-б.
- 10 **Көпейұлы, М. Ж.** Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. – Алматы : «Ел-шежіре», 2010. – Т. 11 – 139-б.

References

- 1 **Jonathan Roper.** Thoms and the Unachieved «Folk-Lore of England» [Text] // Folklore, Volume 118:2, 2007. – P. 203–216.
- 2 **Orazaeva F.** Divaev – fökloris [Divaev is a folklorist] [Mätin]. – Almaty : «Bılım» baspasy, 2007. – 64 p.
- 3 **Propp, V. Ya.** Föklor i deistvitelnöst izbrannyye stati [Folklore and reality selected articles] [Tekst] // Glavnaia redaksia vostochnoi chiteratury izdatelstva «Nauka», 1976. – 17–18 p.
- 4 **Margūlan Älkei.** «Halyq müğalımı» [People's teacher]. – 1939. – № 23–24.
- 5 **Qoñyratbaev Ä.** Qazaq ädebietiniñ tarihy [History of Kazakh literature] [Mätin]. Oqu qūraly. – Almaty, «Sanat» 1994. – 8 p.
- 6 **Mūqanov, S.** Halyq mūrasy : tarihtyq-etnografialyq şolu [Folk heritage : historical and ethnographic review] [Mätin]. – Almaty : Jazuşy, 2002 – 304 p.
- 7 **Sağyndyqūly, B., Jūsıpov, N. Q, Kuzembaeva Ch.** Lingvo-föklorlyq qatysym negizderi [Fundamentals of Linguo-folklore participation] Elektrondyq oqu qūraly. [Mätin]. – Pavlodar, 2020.

8 **Köpeüly, M. Zh.** Köp tomдық ғығармалар жинағы [Collection of multi-volume works] 5-tom. – Almaty, «Alaş», 2006. – 89 p.

9 **Aksoi, O. A.** Atasözleri Sözlüğü. – Stambul : İnkilap Kitabevi, 1988. – 12 p.

10 **Köpeüly, M. J.** Köp tomдық ғығармалар жинағы [Collection of multi-volume works] [Mätin]. – Almaty : «El-şejire», 2010. Vol. 11 – 139 p.

23.01.25 ж. баспаға түсті.

31.03.25 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. Ф. Талинова*

Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 23.01.25.

Поступило с исправлениями 31.03.25.

Принято в печать 26.05.25.

МЕСТО ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРК В ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОМ ТРУДЕ МАШХУР ЖУСУПА КОПЕЕВА

Фольклор, ставший синкретическим произведением искусства, является одним из богатейших наследий, отражающих традиции и культуру, обычаи и национальную самобытность казахского народа. С древних времен казахский народ вдохновлялся устным творчеством, оказывая влияние на воспитание и будущее подрастающего поколения. Объединяя в себе разнообразные жанры – от сказок и легенд до эпических поэм и пословиц, казахский фольклор стал важным средством передачи знаний и опыта, а также формирования идентичности. Жизнь новорожденного ребенка до того, как он появится на свет, скорее всего, будет основываться на национальных традициях. Таким образом, история жизни казахского народа тесно связана с областью фольклора. Преемственность национальных традиций, ставших богатым достоянием нашего народа, продолжается из поколения в поколение. Есть также ученые, которые изучают устное творчество казахского народа и творят добрые дела. Их труды не только сохраняют казахскую устную литературу, но и способствуют ее популяризации, делая ее доступной новому поколению и широкой аудитории. Один из видных представителей этого направления – Машхур Жусуп Копеев, фольклорист,

исследователь народной мудрости, сыгравший важную роль в изучении и сохранении казахского устного творчества, рассматривает место пословиц, одного из малых жанров фольклора. Изучая и собирая народные пословицы, Копеев не только фиксировал их на бумаге, но и выявлял их философско-идеологический контекст, проводил глубокий анализ. Эти пословицы и поговорки являются важным элементом исследовательской практики поэта и представлены как важный источник в изучении народной мудрости и культурной традиции устного творчества. В статье анализируются пословицы, собранные Маишхур Жусупом Копеевым, с целью определения их смыслового содержания и группировки их по различным темам. Такой подход позволяет глубже понять, как народная мудрость отражает философские и этические мысли казахского народа, а также социальные и культурные реалии.

Ключевые слова: Маишхур Жусуп, фольклор, народная мудрость, пословицы, культурное наследие.

**F. Talipova*

Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 23.01.25.

Received in revised form 31.03.25.

Accepted for publication 26.05.25.

THE PLACE OF PROVERBS AND SAYINGS IN THE RESEARCH WORK OF MASHKHUR ZHUSUP KOPEEV

Folklore, which has become a syncretic work of art, is one of the richest legacies reflecting the traditions and culture, customs and national identity of the Kazakh people. Since ancient times, the Kazakh people have been inspired by oral creativity, influencing the upbringing and future of the younger generation. Combining a variety of genres, from fairy tales and legends to epic poems and proverbs, Kazakh folklore has become an important means of transferring knowledge and experience, as well as forming identity. The life of a newborn baby before it is born is likely to be based on national traditions. Thus, the life history of the Kazakh people is closely connected with the field of folklore. The continuity of national traditions, which have become a rich heritage of our people, continues from generation to generation. There are also scientists who study the oral art

of the Kazakh people and do good deeds. Their works not only preserve Kazakh oral literature, but also contribute to its popularization, making it accessible to a new generation and a wide audience. One of the prominent representatives of this trend, Mashkhur Zhusup Kopeev, a folklorist, researcher of folk wisdom, who played an important role in the study and preservation of Kazakh oral art, examines the place of proverbs, one of the small genres of folklore. Studying and collecting folk proverbs, Kopeev not only recorded them on paper, but also revealed their philosophical and ideological context, conducted an in-depth analysis. These proverbs and sayings are an important element of the poet's research practice and are presented as an important source in the study of folk wisdom and the cultural tradition of oral creativity. The article analyzes the proverbs collected by Mashkhur Zhusup Kopeev in order to determine their semantic content and group them by various topics. This approach allows for a deeper understanding of how folk wisdom reflects the philosophical and ethical thoughts of the Kazakh people, as well as social and cultural realities.

Keywords: Mashkhur Zhusup, folklore, folk wisdom, proverbs, cultural heritage.

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz